ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 шілде №5165-23-00-2/1625 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Досберген» басшысы Досберген Жасулан Батырұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру
Келісім шартты бұзу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Досберген» басшысы Досберген Жасулан Батырұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер «Досберген» басшысы Досберген Жасулан Батырұлының арасында жасалған 2023 жылғы 11 мамырдағы №77 санды көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты бұзылсын.

Жеке кәсіпкер «Досберген» басшысы Досберген Жасулан Батырұлынан мемлекет пайдасына 13 950 (он үш мың тоғыз жүз елу) тұрақсыздық айыппұл, 2 143 (екі мың бір жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.09.2023, судья Байтенов С. К., 12.09.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -